

"IDEX-2003" қару-жарақ пен әскери техниканың алтыншы халықаралық көрмесіне қатысу үшін қаруды уақытша әкетуге және оқ-дәрілерді экспорттауға рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 28 ақпан N 214

"IDEX-2003" қару-жарақ пен әскери техниканың алтыншы халықаралық көрмесіне (Абу-Даби қаласы, Біріккен Араб Әмірліктері) қатысу үшін, "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Орал "Металлист" зауыты" ашық акционерлік қоғамына, Орал қаласы (бұдан әрі - "Орал "Металлист" зауыты" ААҚ) Қазақстан Республикасынан Біріккен Араб Әмірліктеріне осы қаулыға қосымшаның 1 және 2-тармақтарында көрсетілген қару-жарақты кейіннен Қазақстан Республикасына әкеле отырып, уақытша әкетуге рұқсат берілсін.

2. "Орал Металлист" зауыты" ашық акционерлік қоғамына осы қаулыға қосымшаның 3-тармағында көрсетілген оқ-дәрілерді Қазақстан Республикасынан Біріккен Араб Әмірліктеріне экспорттауға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Орал "Металлист" зауыты" ашық акционерлік қоғамына осы қаулыға қосымшаның 3-тармағында көрсетілген оқ-дәрілердің экспортына лицензия берсін.

4. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес осы қаулыға қосымшада көрсетілген тауарларды кедендік ресімдеуді және кедендік бақылауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 8

а қ п а н д а ғ ы

N

2 1 4

қ а у л ы с ы н а

қосымша

"IDEX-2003" қару-жарақ пен әскери техниканың алтыншы халықаралық көрмесіне (Абу-Даби қаласы, БАӘ) қатысу үшін әкетілетін қару мен оқ-дәрілердің тізбесі

1. Стендке қою үшін:

- НСВП - 12,7 (СЭҚ ТН коды 930190000) бұйымы құрамында;
- НСВ - зауыттық N 012А жеке ЗМҚ жинақтауыштарымен шапасыз әкетіледі;
 - УРМ-170, зауыттық N Г965;
 - зауыттық N 00004 тіркеме;
- 7Ч18 оқсыз атуға арналған керек-жарақтар (СЭҚ ТН коды 930591000);
- 6Ч15 электрошығарғышы зауыттық N Б472 (СЭҚ ТН коды 930591000);
- 6ю14 сб.70 ленталарды жабдықтауға арналған машина (СЭҚ ТН коды 930591000).

2. Полигонға қою үшін:

- НСВП - 12,7 (СЭҚ ТН коды 930190000) бұйымы құрамында:
 - НСВ зауыттық N ГЭ799;
 - УРМ-170, зауыттық N Г130;
 - зауыттық N 00002 тіркеме.

Ескерту: бұйымдар, оқ-дәрілерімен және жеке ЗМҚ жинақтауыштарымен жұмыс істеу қалпында.

3. Оқ-дәрілер:

- пулеметтік ленталарда саны 200 (екі жүз) дана 12,7 мм калибрлі патрондар (СЭҚ ТН коды 930630300).